

АЗАПТАУ ЖӘНЕ БАСҚА ДА АДАМНЫҢ ҚАДІР-ҚАСИЕТІН ҚОРЛАЙТЫН ӘРЕКЕТТЕРМЕН КҮРЕСУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Адеубаева Айгуль Бауыржанқызы

a.adeubaeva@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті

Заң факультетінің 4-курс студенті

Ғылыми жетекші – Аханов Айдын Азаматұлы

Азаптау – бүгінгі күні әлемдік қоғамдастықтың аса үрейленуіне әкеп соғатын адам құқықтарының бұзылуының бірі. Азаптау жаза ретінде, мәліметтер алу немесе мойындауға мәжбүр ету мақсатында, бірақ ең бастысы тек жекелеген адамдарды ғана емес, сондай-ақ барлық қоғамды әрекетсіздік жағдайында ұстау үшін қорқыту мақсатында қолданылады.

Халықаралық құқық нормаларына сүйенетін болсақ, азаптаулар ұғымының негізгі анықтамасы БҰҰ-ның 1984 жылғы «Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенциясында» қамтылған. Конвенцияның 1(1) - бапқа сәйкес азаптау – бұл мемлекеттік лауазымды адам немесе ресми түрде немесе айдап салушылық бойынша немесе олардың білуімен немесе үнсіз келісімімен жасалатын кез келген іс-әрекет, «қандай да бір адамға одан немесе үшінші тұлғадан мәліметтер алу немесе тану, оны өзі немесе үшінші адам жасаған немесе оны жасады деп күдік келтірілген іс-әрекет үшін жазалау, сондай-ақ оны немесе үшінші адамды қорқыту немесе мәжбүрлеу үшін немесе кез келген сипаттағы кемсітушілікке негізделген кез келген себеп бойынша қасақана ауыруы немесе азап шегуі үшін дене немесе адамгершілік жағынан жарақат келтіру болып табылады [1].

Азаптаулар және азаптау қаруларының жоғарғы шегі 1215 жылы Папа Иннокентий III құрған католик шіркеуінің ерекше соттық инквизициясы (XIII ғасырдың басында католик шіркеуін құрған, шіркеуге қарсыларды сот, полиция ұйымы арқылы ерекше қатал қудалаған) кезінде қалыптасқан. Сол уақыттағы сенімдер бойынша инквизицияның себебі жалмауыз кемпірлермен күрестің қатыгез тәсілдерін күшейту болды. Нәтижесінде азаптау әрекеттерінің саны да арта түскен. «Жалмауыз кемпірлердің» сандық өсу механизмі XVII ғасырдың басында Мюнхенде жүргізілген үрдістен байқалады. Мәліметтер бойынша, он бір әйелді аяусыз азаптау әрекеттеріне тартқан. Олардың бесеуін мойындау айғақтарын алғаннан кейін алаумен өртеп жіберген, ал алты адамды ең ауыр қару түрлерімен қатал азаптауға салған [2].

Орын алған инквизиция нәтижесі туралы Кельн қаласындағы куәгерлік хатта былай деп жазылған: «Қазірдің өзінде жарты қала қаза болды. Профессорлар мен ғылым кандидаттары, діни қызметкерлер, канониктер және викарийлер, монаше алқаларының мүшелері түрмеге қамалды және

жартысы өртелді. Канцлер де сотталды. Үш-төрт жасар балаларды шайтандармен қатынасқан деп айыптады. Текті жерден шыққан тоғыз бен он төрт жас аралығындағы студенттер мен жасөспірімдерді өртеп жіберді» [3]. Әр түрлі болжамдар бойынша, бес ғасырға (1200-1700-ге дейін) созылған осындай қағилы адамгершілікке жатпайтын оқиғалардың нәтижесінде Еуропада 5-тен 100 миллион адамға дейін өртенген. Мәселен, тек Испанияның өзінде 1478-1834 жылдар аралығында инквизициялық әрекеттер кезеңінде 31912 адамды өртенген [4].

Сол жылдардағы жаппай азаптаулар мен кісі өлтірудің криминологиялық мәні зұлымдықтан жалпы игілікті қамтамасыз ету қажеттілігінен туындағандығын білдіреді. Әулие престолға жалпы игілік үшін христиандықтарды діннен бізгендерден, дінбұзарлар мен жалмауыздардан тазарту жүктелді. А. Клизовский (Е. И. Рерихтың оқушысы) инквизиция туралы еңбегінде: «он миллионға жуық жалмауыздар мен сихыршыларды өртеу арқылы шайтан арбауына түсу мен қара сиқырмен әуестенуден басқа миллиондаған адамды құтқарып қалған», деп жазылған [5].

Азаптау адамға терең жарақат береді. Азаптаудың физикалық әдістеріне мыналар жатады: ластанған суға батыру жолымен тұншықтыру; ұрып-соғу, оның ішінде жалаңаш аяқтар бойынша соққы салу; электр тоғымен азаптау; тістер мен гениталияларды қоса алғанда, дененің ең сезімтал бөліктері арқылы өтетін әрекеттер; тырнақтарды жұлып алу; ыңғайсыз жағдайда ілу, отырғызу. Азаптаудың психикалық әдістеріне: жазалауды сахналау, азаптау кезінде қатысу, азаптауларға қатысуға мәжбүрлеу, оқшаулау жатады. Жыныстық сипаттағы азаптау: сөз қорлау, кемсіту, шешіндіру, зорлау, оның ішінде жануарларды, сондай-ақ бөтелкелерді және ұқсас заттарды пайдалану арқылы. Сонымен қатар, азаптаудың ұзақ мерзімді психикалық салдарлары физикалық салдармен тең немесе асып түсуіде мүмкін. Нәтижесінде, мұнын бәрі адамның отбасымен, достарымен қарым-қатынасында көрініс табады және қалыпты өмір сүруіне мүмкіндік бермейді.

XX ғасырдың соңғы онжылдығында халықаралық қоғамдастықтың азаптау институтын жоюға қабілетсіздігі аса байқалды. Косово, Шығыс Тимор, Руандадағы қақтығыстар жекелеген адамдарды, сондай-ақ жалпы тұтастай алғанда қоғамды басып тастау, қорқыту және жою сияқты әрекеттерді қолданумен қатар жүрді. Сонымен қатар, азаптаулар көптеген елдерде бұқаралық ақпарат құралдарынан және қалың жұртшылықтан құпия түрде, толық жазасыздық жағдайында пайдалануды жалғастырды. БҰҰ-ның азаптаулар туралы мәселе бойынша арнайы баяндамашысы жыл сайын 60-80 елден азаптау актілері туралы ақпарат алып отырды, ал бұл БҰҰ-на мүше барлық мемлекеттердің үштен бірін құрайды. Мамандардың бағалауы бойынша барлық босқындардың 20-дан 30%-ға дейінгісі азаптау әрекеттерінен өткен [6].

Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда № 217 А (III) қабылданған «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының» 5-бабында: «ешкім де азапталуға немесе қадір-қасиетін қорлайтындай адамшылыққа жатпайтын қатыгездік жолмен жәбірленуге, немесе жазалануға тиіс емес», деп көрсетілген [7]. Осыған сәйкес, нәсіліне, жынысына, саяси, діни ұстанымдары мен наным-сенімдеріне, түр-түсі мен тіліне немесе басқа да ерекшеліктеріне қарамастан ешбір азапталудың нысандарына жол берілмейтіндігін ескеру қажет.

Азаптауға тыйым салудағы маңызды құжаттардың бірі қарулы қақтығыс кезіндегі ережелерді реттейтін 1949 жылы қабылданған «Женева конвенциялары». Аталған конвенциялар нақты I және II дүниежүзілік соғыстар кезінде орын алған азаптау нысандарын құқықтық тұрғыдан реттеуге арналған. Женева конвенциялары тек соғысу құралдары мен тәсілдерін ғана емес, сонымен қатар соғысушылар арасындағы қатынасты да реттейді. Барлық женева конвенцияларына ортақ 3-баптың 1-тармағында: «Науқастануы, жаралануы салдарынан немесе кез келген басқа себеппен соғыс қимылдарына қатысуды тоқтатқан адамдарды қоса алғанда, соғыс қимылдарына тікелей қатыспайтын адамдар барлық жағдайларда нәсілдік, тері-түсі, дін немесе сенімі, жынысы, шығу тегі немесе мүліктік жағдайы немесе кез келген басқа да осыған ұқсас критерийлерге байланысты ешқандай кемсітусіз адамгершілік қарым-қатынасты пайдалануға құқылы.

Осы мақсатта жоғарыда көрсетілген адамдарға қатысты мынадай іс-әрекеттерге барлық жерде тыйым салынады:

a) жеке өміріне қол сұғылмаушылық және физикалық қол сұғылмаушылық, атап айтқанда, адам өлтірудің, мертігудің, қатыгездікпен караудың, азаптаудың және жәбірлеудің барлық түрлеріне;

b) кепілдікке алуға;

c) адамның қадір-қасиетіне қол сұғу, атап айтқанда, қорлау және азаптау;

d) сот шешімінсіз соттау және жаза қолдануға [8].

Халықаралық деңгейдегі үлкен маңыздылыққа ие және Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының ережелеріне орындаулы императивті сипат беретін 1966 жылғы «Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіде» келесі ережелер қарастырылған: «7-бап. Ешкім де азапталуға немесе оның қадір-қасиетін қорлайтындай адамшылыққа жатпайтын қатыгездік жолымен жәбірленуге немесе жазалануға тиіс емес. Ішінара, ешбір тұлға өзінің ерікті түрдегі келісімінсіз медициналық немесе ғылыми тәжірибеге ұшыратылуы тиіс емес. 10-бап. 1. Бас бостандықтарынан айрылған барлық адамдар өздеріне деген адамгершілікті көзқарасқа және адам баласына тән қадір-қасиетінің құрметтелуіне құқылы. 2. a) айыпкерлер, ерекше жағдай тумаған күнде, сотталушылардан жеке орналастырылады және оларға жеке, сотталмаған адамдардың мәртебесіне сай, режим беріледі. b) кәмелетке толмаған айыпкерлер, кәмелетке толған айыпкерлерден бөлек ұсталады және өте қысқа мерзім ішінде, шешім шығарылуы үшін, сотқа

жеткізіледі. 3. Тұтқындарға, пенитенциарлық жүйе бойынша, олардың түзелуін және оларға әлеуметтік қайта тәрбие беруді маңызды мақсат тұтатын режим қарастырылады. Кәмелетке жасы толмаған құқық бұзушылар кәмелетке жасы толған құқық бұзушылардан бөлек ұсталады және оларға өздерінің жасы мен құқықтық мәртебесіне сай режим беріледі», деп көрсетілген.

Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы механизмдерді қарастыру үшін осы мәселемен күресуші халықаралық ұйымдар аясындағы мамандандырылған комитеттер мен мемлекеттік тиісті органдардың қызметіне тоқталатын болсақ, бірінші кезекте БҰҰ аясындағы «Азаптауға қарсы комитетті» қарастыру қажет.

Азаптауларға қарсы Комитет (АҚК) Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенция ережелерінің оған қатысушы мемлекеттермен орындалуын бақылайтын 10 тәуелсіз сарапшылардан тұратын орган болып табылады [9].

Барлық қатысушы мемлекеттер Комитетке тиісті құқықтарды жүзеге асыру туралы баяндамаларды тұрақты түрде беруге міндетті. Бастапқыда мемлекеттер баяндаманы конвенцияға қосылғаннан кейін бір жыл өткен соң, содан кейін - әрбір төрт жыл сайын ұсынуы тиіс. Комитет әрбір баяндаманы зерделейді және қатысушы мемлекетке өзінің пайымдаулары мен ұсыныстарын «қорытынды ескертулер» түрінде баяндайды.

Халықаралық деңгейдегі бақылаудың нақты механизмі үш талаптан тұрады:

1. Мүше болған мемлекеттің бір жылдан кейін беретін «бірінші немесе бастапқы баяндамасы»;
2. Мүше болған мемлекеттің әрбір төрт жыл сайын беріп отыратын «кезекті баяндамасы»;
3. Мүше мемлекетке Азаптау әрекеттеріне қатысты қарсы шағым түскен кезде Комитетпен жедел сұратылатын «төтенше баяндамасы».

Баяндамаларды қарау рәсімдерінен басқа, Конвенция өзінің мониторинг функцияларын орындайтын үш тетікті құрды: белгілі бір жағдайларда Комитет Конвенциямен кепілдік берілген олардың құқықтары бұзылды деп бекітетін жеке шағымдарды немесе жеке тұлғалардың хабарламаларын қарайды, тергеу жүргізеді және мемлекетаралық шағымдарды қарайды. Комитет сондай-ақ конвенцияның нақты ережелері немесе оларды жүзеге асыруға байланысты мәселелер бойынша жалпы тәртіптік ескертулерді қабылдай алады. Жалпы тәртіптегі ескертулерді қабылдау барлық шарттық органдар үшін ортақ тәжірибе болып табылады. Олар Конвенцияның ережелерін түсіндіреді және Конвенцияның ережелерін жүзеге асыруды жандандыру үшін қажетті баяндамалар мен шараларды ұсыну рәсімдеріне қатысты басшылық нұсқауларды қамтиды.

Қазақстан Республикасымен берілген соңғы 2014 жылы ұсынылған баяндамасына қатысты Азаптауға қарсы комитетпен берілген жауапқа талдау келтіретін болсақ, онда Қазақстан Республикасының «Күштеп жоқ қылып жіберуден барлық адамдарды қорғауға арналған халықаралық конвенцияны», «Халықаралық пактінің бірінші Қосымша хаттамасын», «Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні» ратификацияланғандығын ерекше атап өтеді. Сонымен қатар, бірқатар ұлттық заңнамаларға тиісті өзгертулер мен толықтыруларды енгізгендігін және де 2009 жылғы 28 желтоқсандағы «Адамның жеке бас бостандығын сақтау және қадір-қасиетіне қол сұғылмау, азаптауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы іс-қимылды» жасағандығын, 2010 жылдың 1 ақпанынан бастап «Қылмыстық процеске тартылған және мамандандырылған мекемелерде ұсталатын адамдарға қатыгездікпен қарауға байланысты азаптаулар және өзге де заңсыз әдістер туралы арыздарды тексеру және олардың алдын алу жөніндегі күзетте ұстаудың бастапқы кезеңін» қарастырғандығын, азаптауларға қатысты ұсынымдарды іске асыру бойынша 2010-2012 жылдарға арналған іс-қимыл жоспарын бекіткендігін жағымды шаралардың қатарына жатқызды. Ұлттық жоспарлар мен стратегиялар тұрғысынан 2010-нан 2020 жылға дейінгі аралыққа арналған «Қазақстан Республикасының құқықтық саясат тұжырымдамасын», 2012-2015 жылдарға арналған «Қылмыстық-атқару жүйесін дамыту бағдарламасы», 2012-2014 жылдарға арналған «Күрес, болдырмау және алдын алу жөніндегі іс-шаралар жоспарын» дұрыс деп, қолдаған болатын [10].

БҰҰ-ның Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенциясын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы қабылдаған шаралар туралы төртінші кезеңдік баяндамасына тоқтала кететін болсақ, 2014 жылы халықаралық және үкіметтік емес ұйымдар сарапшыларының қатысуымен Ішкі істер, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік дамыту, білім және ғылым министрліктерінің адам саудасының құрбандары сәйкестендірілетін қатыгез қарым-қатынастың болуын бағалау критерийлерін бекіту жөніндегі бірлескен бұйрығы әзірленіп, қол қойылды. Көрсетілген өлшемдер адам саудасының құрбандарына арнайы әлеуметтік қызметтерге қол жеткізуді қамтамасыз етеді, оларды көрсету стандарты 2016 жылы бекітілген, оның ішінде жәбірленушілерге әлеуметтік-тұрмыстық, медициналық, психологиялық және басқа да қажетті қызметтер көрсетуді көздейді. 2016 жылы арнайы әлеуметтік қызметтер 87 адам саудасының құрбандарына, 2017 жылы-162 адамға көрсетілген [11].

Қорытындылай келгенде, азаптау әрекеттерінің бастауы ертеде көрініс тапқан және көптеген адамгершілікке тұрмайтын әрекеттер нәтижесінде орын алған азаптаулар мен басқа да адамның қадір-қасиетін қорлайтын әрекеттермен күресу саласында көптеген халықаралық стандарттар мен механизмдер қалыптаса бастады және уақыт өте күшеюде.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 29 маусымдағы «Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенцияға қосылуы туралы» № 247 Заңы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000247>
2. Григулевич И.Р. История инквизиции. - М.: Изд. «Наука», 1970. – С. 448
3. Генри Чарльз Ли. История инквизиции в средние века. - Т. 1. – СПб.: Изд. «Брокгауз-Ефрон», 1911. – С. 559
4. Охота на ведьм. Статистика жертв. URL: http://www.ateismy.net/content/spravochnik/statistika/oxota_vedm.html (дата обращения: 12.02.2019)
5. Рерих Е.И. Письма. - Т. 2. - 1934. - М.: Изд. «Международный центр Рерихов» 2013. – С. 600
6. «Международные стандарты и механизмы борьбы против пыток» подготовлен Международным общественным объединением «Развитие», 2005 // <http://evolutio.info/content/view/26/38/>
7. Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда № 217 А (III) қабылданған «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы» // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/O4800000001>
8. Женевские конвенции от 12 августа 1949 года // <http://www.un.org/ru/humanitarian/law/geneva.shtml>
9. Официальный сайт Комитета против пыток // <https://www.ohchr.org/RU/HRBodies/CAT/Pages/CATIntro.aspx>
10. CAT/C/KAZ/CO/3. Заключительные замечания Комитета против пыток по третьему периодическому докладу Казахстана // <https://documents-dds-ny.un.org/doc/UNDOC/GEN/G14/241/62/PDF/G1424162.pdf?OpenElement>
11. Постановление Об утверждении четвертого периодического доклада о мерах, принятых Республикой Казахстан в целях осуществления Конвенции ООН против пыток и других жестоких, бесчеловечных или унижающих достоинство видов обращения и наказания Правительства Республики Казахстан от 27 ноября 2018 года № 789 // <https://tengrinews.kz>